

Ұлан ауданы Тарғын ауылдық округінің Тарғын ауылында шектеу шараларын алу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Тарғын ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 3 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10.1 бабының 8-тармағына сәйкес және Ұлан ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 16 ақпандағы № 74 ұсынысы негізінде, Тарғын ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ұлан ауданы Тарғын ауылдық округінің Тарғын ауылында мүйізді ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауыруына сауықтыру іс-шараларының аяқталуына байланысты, шектеу іс-шаралары алынсын.

2. "Тарғын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің 2014 жылғы 16 мамырдағы "Ұлан ауданының Тарғын ауылдық округінің Тарғын ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3379 нөмірімен 2014 жылғы 17 маусымда тіркелген, аудандық "Ұлан таңы" газетінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 56 санында жарияланған) № 2 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі

Н. Ақтанов